




A360



Құрметті сатып алушы!

Сізге «DEXP» сауда маркасымен шығаралатын өнімді сатып алғаныңыз үшін алғыс білдіреміз.

Сізге сапаға, функционалдыққа және дизайнға қойылатын талаптарға сәйкес әзірленген және жасап шығарылған бұйымдарды ұсынуға қуаныштымыз. Телефонды пайдалануды бастар алдында Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат және де телефонды дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстар қамтылған осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы нұсқаулықты сақтап қойыңыз, телефонды әрі қарай пайдалану барысында оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

<https://dexp.club> сайтына кіріп, пайдаланушы нұсқаулығының толық нұсқасымен, қолдау көрсетілетін функциялар туралы ақпаратпен танысып шығуды ұсынамыз.

Бұл құрылғының жұмысы бойынша техникалық қолдауды Сіз **<https://dexp.club/feedback/>** мекенжайы бойынша ала аласыз.

Смартфон - бұл ұялы байланыс желілерінде жұмыс істеуге арналған және мобильді операциялық жүйенің басқаруымен жұмыс істейтін ұялы телефон типі.

Қауіпсіздік туралы ақпарат



Ұялы телефонды ешбір жағдайда автомобильді басқарған кезде пайдаланбаңыз. Қоңырау соғу үшін гарнитураны пайдаланыңыз.



Телефонды әуе кемесінде болғанда пайдаланбаңыз. Ұялы желі сигналдарының навигация жүйесіне кедергі келтіруі мүмкін.



Телефонды ықтимал жарылыс қаупі атмосфера-сы бар жерлерде немесе оңай тұтанатын заттар бар объектілерде (мысалы, жанармай құю станцияларында, отын қоймаларында, сондай-ақ химиялық зауыттарда) өшіріп қойыңыз.



Телефонды ауруханаларда және басқа қоғамдық орындарда пайдалану ережелерін сақтаңыз. Телефонның медициналық жабдыққа (мысалы, есту аппараттарына) кедергі келтіруі мүмкін екеніне назар аударыңыз.



Телефонды ешқашан өз бетіңізше бөлшеткеуге немесе жөндеуге тырыспаңыз. Мұны арнайы рұқсаты бар тұлға орындау қажет. Осы шартты бұзу кепілдік міндеттемелерін жояды.



Телефонды қандай да болса құрылғыға қосар алдында нұсқаулықпен танысып шығыңыз. Телефонға ешбір жағдайда оған арналмаған жабдықты қоспаңыз.



Жедел қоңырау шалу үшін телефонның іске қосылғанына және қандай да болса оператор желісінің әрекет ету аймағында болуына және қоңырау функциясы белсенді екендігіне көз жеткізіңіз. Қоңырау шалу үшін әдетте телефон нөмірін тергендей, 112 жедел шақыру нөмірін теріп, қоңырау шалу түймесін басыңыз. Жедел қызмет маманына сіз қайда екендігіңізді және не болғанын түсіндіріңіз.

Аккумулятор

- Қосымша зарядтамас бұрын аккумулятор зарядын толығымен тауысу қажет емес. Басқа аккумуляторлық жүйелермен салыстырғанда, бұл аккумуляторда аккумулятордың қызмет көрсету мерзімін қысқартуы мүмкін жад әсері жоқ.
- Тек қана DEXP түпнұсқалық аккумуляторлары мен зарядтау құрылғыларын пайдаланыңыз.
- Аккумуляторды бөлшектемеңіз және оның түйіспелерінің қысқа тұйықталуына жол бермеңіз.
- Аккумулятордың металл түйіспелерінің тазалығын қадағалаңыз.
- Аккумулятордың жұмыс істеу кезеңі қосымша зарядтаусыз айтарлықтай азайтқан жағдайда, оны ауыстырыңыз. Аккумуляторды ауыстыру қажет болғанмас бұрын оны бірнеше жүз рет зарядтауға болады.
- Қызмет ету мерзімін ұзарту үшін аккумуляторды ұзақ уақыт әрекетсіздіктен кейін қайта зарядтаңыз.
- Зарядтау құрылғысын тура күн сәулелерінің әсеріне ұшыратпаңыз, сонымен қатар оны ылғалдылығы жоғары ортада, мысалы, жуынатын бөлмеде пайдаланбаңыз.
- Аккумуляторды температурасы аса жоғары немесе төмен жерлерде қалдырмаңыз, себебі мұның қызмет ету мерзімін қысқартуы мүмкін.
- Аккумулятордан жұмыс істеудің нақты уақыты желі конфигурациясына, құрылғы баптауларына, пайдалану жағдайларына, батареяның және қоршаған ортаның күйіне байланысты болады.
- Батарея жағымсыз иіс шағарса немесе қатты қызып кеткен болса, зарядтауды дереу тоқтатыңыз.
- Ешбір жағдайда АКБ-ны өз бетіңізше бөлшектеуге болайды.
- Элементтердің тесілуі немесе мыжылуы әрі қарай тұтану мен жарылуды туғызатын ішкі қысқа тұйықталуға әкелуі мүмкін.
- АКБ корпусының саңылаусыздығы бұзылғанда, элементтің ішіне су түсуі немесе атмосфералық ылғал конденсациялануы мүмкін, мұның сутек шығаратын реакцияға және тұтануға әкелуі мүмкін.

Құрылғы сызбасы



1. Құлаққаптарға арналған қосқыш (3,5 мм).
2. Ресивер.
3. Алдыңғы камера.
4. Негізгі камера.
5. Жарқыл.
6. Дыбыс қаттылығын реттеу түймелері.
7. POWER (Қосу/Өшіру) түймесі.
8. Микрофон.
9. USB-қосқыш (зарядтау және компьютермен синхрондау үшін).
10. Динамик.

Техникалық сипаттамалары

Операциялық жүйе: Android™ 10 (Go edition).

Дисплей: 6", ажыратымдылық 1440x720, IPS.

Процессор: MT6580P, 4x1,3 ГГц.

Тұрақты жады: 16 Гб.

Жедел жады: 1 Гб.

Өлшемдері (ұ/е/б): 163 x 77,6 x 9,3 мм.

Батареяның сыйымдылығы: 3200 мАч.

Негізгі камера: 5 Мп АЕ.

Алдыңғы камера: 2 Мп FF.

Сымсыз модульдер: Wi-Fi, BT, 3G, GPS.


Жад карталарын қолдау: micro SD.

Комплектациясы

- Смартфон.
- Зарядтау құрылғысы.
- USB-кабель.
- Пайдаланушы нұсқаулығы.

SIM-картаны және жад картасын орнату

1. Power пернесін бірнеше секундқа басып тұру арқылы телефонды сөндіріңіз.
2. SIM-картаны және жад картасын сызбада көрсетілгендей, слотқа орнатыңыз.



Құрылғы аккумуляторын зарядтау

1. Зарядтау құрылғысын телефонға қосыңыз.
2. Зарядтау құрылғысының ашасын розеткаға салыңыз.
3. Батарея заряды деңгейінің индикаторы батарея толық зарядталғанша жыпылықтайды.
4. Зарядталған кезде батарея әдетте қызады, бұл мүлдем қалыпты жағдай.

Назар аударыңыз: зарядтау құрылғысы тиісті қосқышта орналасқанына көз жеткізіңіз. Кері жағдайда телефон зарядталмайды. Желідегі кернеу мен қуаттың деңгейі зарядтау құрылғысының номинал кернеуі мен қуатына сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Егер батарея заряды толығымен таусылған болса, дисплейде зарядтау индикаторы пайда болғанша біраз уақыт өтеді. Одан кейін телефонды пайдалануды бастауға болады.

Телефонды іске қосу/өшіру

Телефонды іске қосу үшін **Power** түймесін басып, біраз уақыт бойына ұстап тұрыңыз. Экранда қуат көзін іске қосу анимациясы көрсетіледі.

PIN-кодты енгізіңіз (қажет болғанда) және растау үшін ОК түймесін басыңыз. PIN-кодты Сіздің желі операторыңыз береді.

Телефонды баптауды аяқтау үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Телефонды сөндіру үшін **Power** түймесін басып, ұстап тұрыңыз.

Экран

Әдепкі бойынша экранды құпиясөзбен және саусық ізімен бұғаттау өшірулі.


Бұғаттауды іске қосу үшін (🔧) > (🔒) Қауіпсіздік > Экранды бұғаттау тармақтарын түртіңіз.

Экранды бұғаттан шығару

Power түймесін басыңыз.

Бұғаттаудан шығару үшін саусақпен экранда жоғары қарай жүргізіңіз.

Экран суретін жасау




Power+дыбыс қаттылығы пернелерін басып, ұстап тұрыңыз.



Сіз баптауларда арнайы ишаратты таңдай аласыз. Бұл үшін үш саусақпен экранда төмен қарай жүргізіңіз*.

*Барлық модельдерде болмайды.


Басу және ұстап тұру



Экранды түртіп, саусағыңызды екі секунд ішінде ұстап тұрыңыз. Жұмыс үстелдер менеджері пайда болады.


Оны жылжыту немесе негізгі экраннан жою үшін белгішені басып, ұстап тұрыңыз.

Жылжыту




Экранды түртіп, саусағыңызды экраннан алмай, элементтерді экранда жылжытыңыз.

Созу



Кейбір қолданбаларда сіз екі саусақпен «созу» және «қысу» көмегімен масштабты өзгерте аласыз.

Хабарландырулар




Хабарландырулар панелі экранның жоғарғы бөлігінде орналасады. Хабарландыру панеліне қолжетімділік алу үшін саусақпен экранның жоғарғы жиегінен төмен қарай жүргізіңіз.



Егер сіз саусақпен бір рет жүргізсеңіз, алғашқы 6 параметр көрсетіледі, екі рет — қалған жылдам баптаулар көрсетіледі.

Камера



1. Түсірім режимдері.
2. HDR қосу/өшіру.
3. Жарқылды басқару.
4. Камераларды ауыстыру.
5. Галерея.
6. Ысырма түймесі.
7. Бейне режимі.
8. Баптаулар.
9. Сүзгілер.

Камераның нақты интерфейсі модельге байланысты ерекшеленуі мүмкін.

Google™ есептік жазбасы



- Google akkaунтына ұсынылған баптау экранынан кіріңіз. НЕМЕСЕ
- (⋮) түймесін түртіп, -> Google қолданбасын таңдаңыз, мысалы, Google Play (🌐) -> Электрондық пошта мекенжайын қосыңыз -> Google.

Деректерді жаңа құрылғыға көшіру

1. Ескі құрылғыдағы Google есептік жазбасымен кіріңіз.
2. «Резервтік көшіріу» тармағына өтіп, оның аяқталуын күтіңіз.
3. Жаңа құрылғыдағы «Қалпына келтіру және арылту» тарауына өтіңіз.
4. Google аккаунтына кіріңіз.
5. Қалпына келтіру аяқталғанша күтіңіз.

Саусақ таңбасының сканері*

Саусақ таңбасын сканерлеу жолымен смартфонның бұғаттан шығарылуын жүзеге асырады.

Саусақ таңбасын қосу үшін Баптаулар () - Қауіпсіздік () тармақтарын түртіп, - Саусақ таңбалары тармағын таңдаңыз және экрандағы сыбыр сөздерді орындаңыз.

*Барлық модельдерде болмайды.

Сақтау, тасымалдау, өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

Құрылғының құрғақ үй-жайда сақталуы мен тасымалдануы тиіс. Құрылғы ұқыпты ұстауды талап етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен қорғаңыз. Құрылғыны сату қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізілуі тиіс.

Бұйымның қызмет көрсету мерзімі аяқталғаннан кейін оны басқа тұрмыстық қалдықтармен бірге лақтырмаңыз. Осы бұйымның кәдеге жаратылуы қалдықтарды өңдеу бойынша жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Бұйымдардың кәдеге жаратылуы қоршаған ортаға және адам денсаулығына қалдықтардың бақыланбайтын шығарылуының нәтижесінде әлеуетті зиян келтірудің алдын алуға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға мүмкіндік береді. Тегін және Сіздің тұрғылықты жеріңізде қызмет көрсету мерзімі аяқталған электрлік және электрондық жабдықты жинау және кәдеге жарату әрекеттерін жүзеге асыру бойынша толық ақпарат алу мақсатында муниципалдық билік органының тиісті басқармасына жүгініңіз.



Қосымша ақпарат

Өндіруші:

Shanghai Sunvov Technology Co., Ltd. Room 1309, HuaYi Building, 1555#LianHua RD, Minhang District Shanghai, China.

Импортер/юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «DNS KAZAKHSTAN» г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарқа, дом 12, офис 301С, Казахстан.

Импорттаушы/Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе, Қазақстан.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО ТР 037/2016 «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Сипаттамалардың және өнім туралы ақпарат пен оның сыртқы көрінісінің пайдаланушыны алдын ала ескертусіз өнім сапасын жақсарту мақсатында өзгертілуі мүмкін.

Құрылғының нақты интерфейсі осы нұсқаулықта ұсынылғаннан өзгеше болуы мүмкін.

Google, Android және Google Play – Google LLC компаниясының сауда белгілері.

Тауар жасалған: _____

v.1

Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Сатып алынған күні: _____

Дүкеннің атауы: _____

Өндіруші осы бұйымға 1 жыл кепілдік мерзімін белгілейді және бұйымның материалдарында, құрастырылуында ақаулардың болмауына кепілдік береді және бүкіл кепілдік мерзімі ішінде үздіксіз жұмыс істеуіне кепілдік береді. Кепілдік кезеңі бұйымды сатып алған сәттен басталады және тек қана жаңа өнімдерге қолданылады.

Бұйым пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдаланылған жағдайда, уәкілетті сервистік орталықтардың аумағында кепілдік мерзімі ішінде жабдық тұтынушының кінәсінен емес істен шыққан жағдайда, кепілдік қызмет көрсетуге элементтерін тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді.

Пайдалану ережелері сақталған жағдайда, жеке, кәсіби емес, пайдалануға арналған бұйымның қызмет көрсету мерзімі 2 жылды құрайды.

Өндіруші жиынтықты аккумуляторлық батареяға және зарядтау құрылғысына 6 айға кепілдік мерзімін және 1 жылға пайдалану мерзімін белгілейді.

Басқа жиынтықты аксессуарларға кепілдік мерзімі - 3 ай, пайдалану мерзімі - 6 ай.

